Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылы 2 қазан №4712-25-00-2/2921 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Н.Худибаева,
сот отырысының хатшысы А.Джуматовтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жетібай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «SOCRAT-362» басшысы Орынбасаров Алибек Азатович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Р.Қаратаев
жауапкер А.Орынбасаров

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылы 24 маусымда тараптар арасында көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №55 келісім шарты (бұдан әрі-Шарт) жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, жауапкер 15 күнтізбелік күн ішінде бағдаршам орнатуға міндеттеме алған. Шарттың жалпы құны 12 993 62 теңгені құрайды.

Жұмыстың орындалу уақыты 2025 жылы 11 шілдеге дейін, шарт 18.08. 2025 жылы бұзылды.

Талап қоюшы сотқа жүгініп, онда, жауапкер Шарт бойынша міндеттемесін орындамағанын, қызметтің көрсетілмегенін, соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Талап қоюшы сот отырысында талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды

сұрады.

Жауапкер сот отырысында талап қоюды мойындамай, Шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі: 15 күнтізбелік күн деп белгіленген. Алайда, смета бойынша көзделген жұмыстар 15 күн ішінде орындау мүмкін еместігі жөнінде талап қоюшыға веб-портал арқылы бірнеше рет хабарлама жолдандын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - Азаматтық Кодекс) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал осы Кодекстің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі Заң) 8-бабының 4–тармағының 4) тармақшасына сай Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сот отырысында анықталғаны, Шарттың 9.1. тармағына сәйкес, шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады делінген.

Шарттың №1 қосымшасының және техникалық ерекешеліктің талаптарына сәйкес, жауапкер жауапкер 15 күнтізбелік күн ішінде бағдаршам орнатуға тиіс болған, яғни 11 шілде 2025 жылы.

Шарт 2025 жылы 18 тамызда бұзылған.

Алайда жауапкермен өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған.

Жауапкер өкілдері сот отырысында осы мән-жайды жоққа шығарған жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай-АПК) 79-бабының 2-бөлігіне сай бір тараптың өзінің талаптарын немесе қарсылықтарын негіздейтін фактілерді екінші тараптың мойындауы алдыңғы тарапты осы фактілерді одан әрі дәлелдеу қажеттігінен босатады.

Демек, бұл мән-жай жауапкермен мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамағанын көрсетеді.

Шарт талаптарына сәйкес міндеттемелерді орындау мерзімі 11 шілде жылы болуы тиіс.

Алайда жауапкер Шартта белгіленген мерзімде талап қоюшыға тауарды жеткізбеген.

Құжатқа қол қойылған: Худибаева А. Н., 09.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.12.2025, судья Худибаева А. Н., 14.01.2026

Заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде, яғни 8 тамыз 20235 жылы талап қоюды сотқа жолдаған.

Демек талап қоюшы сотқа жүгіну мерзімін өткізбеген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 72 және 73-баптарына сәйкес, әр тарап өзінің негізі ретінде сілтеме жасайтын мән - жайларды дәлелдеуі тиіс. Дәлелдемелерді істі сот талқылауына дайындау сатысында бірінші сатыдағы сотқа ұсынады.

Егер дәлелдемелерді ұсынған тұлғалар оларды істі сот талқылауына дайындау сатысында ұсынудың мүмкін еместігін негіздесе, дәлелдемелер сот талқылауы сатысында ұсынылуы мүмкін.

Жауапкермен сотқа талап қоюшының талабын жоққа шығаратын ешқандай дәлелдемелер табысталмады.

Істің бұндай тұрғысында сот, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Сонымен қатар АПК-нің 117-бабының 1-тармағына сай, жауапкерден мемлекет пайдасына 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-ніің223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшының талап қоюы – қанағаттандырылсын.

жеке кәсіпкер «SOCRAT-362» басшысы Орынбасаров Алибек Азатовичті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

жеке кәсіпкер «SOCRAT-362» басшысы Орынбасаров Алибек Азатовичтен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403,404-баптарын сақтай отырып, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының

Құжатқа қол қойылған: Худибаева А. Н., 09.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.12.2025, судья Худибаева А. Н., 14.01.2026

азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына беруі мүмкін.

Судья А.Н.Худибаева

Құжатқа қол қойылған: Худибаева А. Н., 09.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.12.2025, судья Худибаева А. Н., 14.01.2026

4712-25-3-1/2710